

## Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Мемлекетаралық гуманитарлық ынтымақтастық қорын құру туралы шартты бекіту туралы

Казақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 18 маусымдағы N 509 Қаулысы

Казақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. 2006 жылғы 25 мамырда Душанбе қаласында жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Мемлекетаралық гуманитарлық ынтымақтастық қорын құру туралы шарт бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Казақстан Республикасының*

*Премьер-Министри*

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің  
Мемлекетаралық гуманитарлық ынтымақтастық қорын құру туралы ШАРТ**

Үкіметтер атынан Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер (бұдан әрі - Тараптар),

өзара гуманитарлық ынтымақтастықты одан әрі дамытуға ұмтыла отырып,

2005 жылғы 8 мамырдағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің гуманитарлық ынтымақтастығы туралы декларацияның және 2005 жылғы 26 тамыздағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің гуманитарлық ынтымақтастығы туралы келісімнің ережелеріне сүйене отырып,

**төмендегілер туралы келісті :**

### **1-бап**

1. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Мемлекетаралық гуманитарлық ынтымақтастық қоры (бұдан әрі - Қор) құрылсын.

2. Осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Қордың Жарғысы бекітілсін (қоса беріліп отыр).

### **2-бап**

1. Қор заңды тұлға болып табылады.

2. Тараптар Қордың құрылтайшылары болып табылады.

3. Қордың орналасқан жері - Мәскеу қаласы.

4. Қор тараптардың аумақтарында олардың заңнамасына сәйкес өз бөлімшелерін, филиалдарын, өкілдіктерін құра алады.

### **3-бап**

1. Қордың мүлкі :

Тараптардың мәдениет, білім беру, ғылым, мұрағат ісі, ақпарат және бұқаралық

коммуникация, спорт, туризм және жастармен жұмыс саласындағы бірлескен іс-шараларға (жобаларға) қаржылай және материалдық қаражат, ресурстар, жұмыстар және қызметтер түріндегі ерікті журналары;

заңды және жеке тұлғалардың ерікті журналары және құрбандықтары; қайырымдылық және мәдени іс-шаралар, лотереялар өткізуден түсетін түсімдер;

Кор мемлекеттің қолданыстағы заңнамасында және аумақтарында Қордың жарғылық қызметі жүзеге асырылатын мемлекеттердің қолданыстағы заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

2. Гуманитарлық ынтымақтастықтың бірлескен іс-шараларын (жобаларын) өткізуге арналған ерікті журналар мен кірістер Тараптардың ұлттық валюталармен, басқа мемлекеттердің валюталарымен, сондай-ақ қаржылай және материалдық қаражат, ресурстар, жұмыстар және қызметтер түрінде жүзеге асырылады.

3. Қордың мұлкі Қордың Жарғысында анықталған мақсаттарды орындауға жиберіледі.

4. Кор жыл сайын өзі орналасқан мемлекеттің заңнамасына сәйкес ресми баспа органында өз мүлкінің пайдаланылуы туралы есепті жариялады.

#### **4-бап**

1. Басқарма Қордың жоғарғы органды болып табылады.
2. Атқарушы дирекция Қордың атқарушы органды болып табылады.
3. Қамқоршылық кенес Қордың қадағалаушы органды болып табылады.
4. Көрсетілген органдардың қалыптастырылу және қызмет ету тәртібі Қордың Жарғысымен реттеледі.

#### **5-бап**

Осы Шарт оған қол қойған Тараптардың оның күшіне ені үшін қажетті мемлекетішлік рәсімдерді орындағаны туралы үшінші жазбаша хабарламаны депозитарийге тапсырған күннен бастап күшіне енеді.

Мемлекетішлік рәсімдерді кеш орындаған Тараптар үшін Шарт тиісті хабарламаны депозитарийге тапсырған күннен бастап күшіне енеді.

#### **6-бап**

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Шартқа оның ажырамас бөлігі болып табылатын және осы Шарттың 5-бабында көзделген тәртіппен күшіне енген жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

#### **7-бап**

Осы Шарт оған осы Шарттан туындастын міндеттемелерді өзіне қабылдауға дайын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысуыш мемлекеттердің қосылу туралы құжаттарды депозитарийге беру жолымен қосылуы үшін ашық.

#### **8-бап**

Әрбір Тарап Шарттан өзінің шығу ниеті туралы депозитарийге жазбаша хабарлама жібере отырып, Шарттан шыға алады. Депозитарий жазбаша хабарлама алған күннен

бастап алты ай өткен соң осы Тарап үшін Шарт қолданылуын тоқтатады.

2006 жылғы 25 мамырда Душанбе қаласында орыс тілінде бір тұпнұсқа данада жасалды. Тұпнұсқа данасы осы Шартқа қол қойған әрбір мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жіберетін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады.

Әзіrbайжан Республикасының  
Үкіметі үшін                   Үкіметі үшін  
Армения Республикасының  
Үкіметі үшін                   Үкіметі үшін  
Беларусь Республикасының  
Үкіметі үшін                   Үкіметі үшін  
Грузияның Үкіметі үшін      Түркіменстанның Үкіметі үшін  
Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін

Молдова Республикасының  
Ресей Федерациясының  
Тәжікстан Республикасының  
Өзбекстан Республикасының  
Үкіметі үшін

Қыргыз Республикасының  
Үкіметі үшін

2006 жылғы 25 мамырдағы

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына  
қатысушы мемлекеттердің  
Мемлекетаралық гуманитарлық  
ынтымақтастық қорын  
құру туралы шарт пен  
бекітілген

Украинаның Үкіметі үшін

Достастығына

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Мемлекетаралық  
гуманитарлық ынтымақтастық қорының  
Ж А Р Ф Ы С Ы

## I. Жалпы ережелер

### 1-бап

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Мемлекетаралық гуманитарлық ынтымақтастық қорын құру туралы шартқа (бұдан әрі - Шарт) сәйкес құрылған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Мемлекетаралық гуманитарлық ынтымақтастық қоры (бұдан әрі - Қор) мемлекетаралық коммерциялық емес ұйым болып табылады және пайда табуды өз қызметінің негізгі мақсаты ретінде қарастырмайды.

### 2-бап

Қор өз қызметінде халықаралық құқықтың жалпы танылған қағидаттары мен нормаларын, қолданылатын халықаралық шарттарды, Тәуелсіз Мемлекеттер

Достастығының негіз қалаушы құжаттарын, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Мемлекеттер басшылары кеңесінің және Үкіметтер басшылары кеңесінің, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Гуманитарлық ынтымақтастық жөніндегі кеңесінің шешімдерін, Шартты, Қор орналасқан мемлекеттің заңнамасын, аумақтарында Қордың жарғылық қызметті жүзеге асырылатын мемлекеттердің заңнамасын және осы Жарғыны басшылыққа алады.

### **3-бап**

Қор өз қызметін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Гуманитарлық ынтымақтастық жөніндегі кеңесімен (бұдан әрі - Кеңес) өзара іс-қымыл жасаумен жүзеге асырады, ТМД-ның өзге де органдарымен, сондай-ақ гуманитарлық салада қызметін жүзеге асыратын халықаралық және ұлттық ұйымдармен ынтымақтасады.

### **II. Қордың мақсаттары**

#### **4-бап**

Қордың мақсаты Кеңеспен келісілген гуманитарлық ынтымақтастық саласындағы іс-шаралардың (жобалардың) қаржыландырылуын қамтамасыз ету болып табылады.

### **III. Қордың Құрылтайшылары**

#### **5-бап**

Шарттың Тараптары Қордың Құрылтайшылары болып табылады.

Өкілетті өкілдері атынан Қордың Құрылтайшылары:

Қордың қызмет аясына енетін мәселелер бойынша ұсыныстарды Қордың басшы органдарының қарауына енгізеді және оларды талқылауға қатысады;

Қордың мақсаттары мен осы Жарғының іске асырылуы үшін жіберілетін қаражатты бөлуге қатысады.

### **IV. Қордың мәртебесі**

#### **6-бап**

Қор өзі орналасқан мемлекеттің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылады. Қордың орналасқан жері - Мәскеу қаласы.

#### **7-бап**

Қордың дербес теңгерімі мен сметасы, мөрі, мәртабандары және өз атындағы бланкілері

бар.

Қор өз мақсаттарын іске асыру үшін:  
банктік шоттар ашуға;

Құрылтайшылардың аумақтарында олардың заңнамасына сәйкес өз бөлімшелерін, филиалдарын, өкілдіктерін құруға;

оқшауланған мұлік иемденуге, өз атынан мұліктік және мұліктік емес құқықтар мен

м інд ет т ер

а л у ғ а ;

ш а р т т а р ж а с а с у ғ а ;

сottарда талапкер және жауапкер ретінде өрекет етуге құқығы бар.

## V. Қордың құрылымы мен органдары

### 8-бап

Қордың Басқармасы Қордың жоғарғы органы болып табылады.

Қордың Басқармасы Қор Құрылтайшыларының өкілдерінен (әр мемлекеттен бір-бірден) тұрады. Қор Басқармасының әрбір Мүшесі бір дауысқа ие.

Қор Басқармасының құрамына кеңесші дауыс құқығымен Кеңестің Төрағасы мен Қордың Атқарушы директоры кіреді.

Қордың Басқармасын екі жыл мерзімге ротациялау шартымен Қордың Басқармасы мүшелерінің қатарынан сайланатын төраға басқарады. Бір мемлекеттің өкілдері Басқарма төрағасы мен Атқарушы директор бола алмайды.

### 9-бап

Қор Басқармасының отырыстары, егер оған Басқарма мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп танылады.

Қор Басқармасының шешімдері отырысқа қатысушылардың көпшілік даусымен, ал қаржылық мәселелер - Басқарманың барлық Мүшелерінің білікті көпшілік (үштен екі) даусымен қабылданады.

Қордың кез келген мүшесі талқыланатын мәселеде өз қызығушылығының жоқтығы туралы мәлімдей алады, бұл шешім қабылдауға кедергі ретінде қаралмауға тиіс.

Қор Басқармасының жұмыс регламентін ол дербес бекітеді.

Қ о р      Б а с қ а р м а с ы :

Қордың қызмет бағдарламасын жасайды;

Қордың мақсаттарына сәйкес оның қаражатын пайдалану Тәртібі туралы шешімдер қабылдаиды;

Қордың бөлінген қаражаты шегінде Қордың мақсаттарын шешуге бағытталатын қаржының мөлшерін анықтайды;

Қордың қаржылай және материалдық қаражатының жыл сайынғы теңгерімін және пайдаланылуы туралы есепті бекітеді;

Қордың қызметін тексеру және тексеріс материалдарын қарайды;

Қордың қызметіне байланысты өзге де мәселелерді қарайды;

Қордың Басқармасы жыл сайын Кеңеске атқарылған жұмыс туралы, қаржылай және материалдық қаражаттың пайдаланылуы туралы және алдағы жылға белгіленіп отырған іс-шаралар туралы есеп береді.

### 10-бап

Қордың Атқарушы директоры басқаратын Атқарушы дирекция Қордың Атқарушы ор га ны б о л ы п т а б ы л а д ы .

Қордың Атқарушы директорын Қордың Басқармасы тағайындаиды.

Қордың Атқарушы дирекциясының құрамы, құрылымы, құқықтары мен міндеттері Қордың Басқармасы бекітетін ол туралы Ережеде анықталады.

Қордың Атқарушы дирекциясы шығыстарының сметасын Қордың Басқармасы қарайды және бекітеді.

### **11-бап**

Қордың қызметін, Қордың Басқармасы мен Атқарушы дирекциясының шешімдер қабылдауын, оларды орындаудың қамтамасыз етілуін, Қор қаражатын пайдаланылуын және Қор өзі орналасқан мемлекеттің заңнамасын сақтауын қадағалауды жүзеге асыру үшін Қордың Қамқоршылық кеңесі құрылады.

Қордың Қамқоршылық кеңесінің дербес құрамын Кеңес бекітеді.

Қордың Қамқоршылық кеңесінің қызмет тәртібі, құқықтары мен міндеттері Кеңес бекітетін ол туралы Ережеде анықталады.

### **VII. Қордың қаражаты**

#### **12-бап**

##### **1 . Қ о р д ы ң м ү л к і :**

Құрылтайшылардың мәдениет, білім беру, ғылым, мұрағат ісі, ақпарат және бұқаралық коммуникация, спорт, туризм және жастармен жұмыс саласындағы бірлескен іс-шараларға (жобаларға) қаржылай және материалдық қаражат, ресурстар, жұмыстар және қызметтер түріндегі ерікті жарналары;

занды және жеке тұлғалардың ерікті жарналары және құрбандықтары; қайырымдылық және мәдени іс-шаралар, лотереялар өткізуден түсетін түсімдер;

Қор мемлекеттің қолданыстағы заңнамасында және аумақтарында Қордың жарғылық қызметі жүзеге асырылатын мемлекеттердің қолданыстағы заңнамасында тыйым салынбаған өзгеде көздер есебінен қалыптастырылады.

2. Гуманитарлық ынтымақтастықтың бірлескен іс-шараларын (жобаларын) өткізуге арналған ерікті жарналар мен кірістер Қор Құрылтайшыларының ұлттық валюталарымен, басқа мемлекеттердің валюталарымен, сондай-ақ қаржылай және материалдық қаражат, ресурстар, жұмыстар және қызметтер түрінде жүзеге асырылады

3. Қордың мүлкі Қордың Жарғысында анықталған мақсаттарды орындауға жіберіледі.

### **VIII. Қордың қызметін тоқтату**

#### **13-бап**

Қор орналасқан мемлекеттің заңнамасына сәйкес Қор Құрылтайшыларының шешімі бойынша жабылады.

### **VIII. Қорытынды ережелер**

#### **14-бап**

Құрылтайшылардың өзара келісімі бойынша осы Жарғыға оның, ажырамас бөлігі болып табылатын және Шарттың 5-бабына сәйкес күшіне енген жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК